

Күн тәртібі:

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы

Хаттаманың күні және нөмірі:

«Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2023 жылғы 10 ақпандағы №1 бетпе-бет отырысының хаттамасы

Өткізілетін жері:

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 17/10 үй, «Жасыл орам» БО.

Ұсынымдар:

1. «SK Construction» АҚ-ның «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп:

- «Qazaq Stone» Қазақстан тас өңдеу саласының одағы» ЗТБ-ның «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы туралы ҚРҰҚ-да көзделген құрылыс материалдарын ескере отырып, берген ескертпелері мен ұсыныстарын;

- Нұсқаулықты қоса алғанда, нормативтік құқықтық құжаттар бойынша бизнес-қоғамдастықтың ұсыныстары мен ескертпелері бойынша бірлескен жұмысты жалғастыруды;

- материалдарды жеткізу мерзімдерін ескере отырып, мектептерге арналған жиһаз бойынша техникалық ерекшеліктерді/талаптарды айқындау жөніндегі жұмыс тобына барлық мүдделі тараптардың қатысуын қамтамасыз етуді, «ҚР Жиһаз жасаушылар гильдиясы» ЗТБ (И.А. Проценко) пікірі мен ұсыныстарын ескеруді қарастыруы.

2. «SK Construction» АҚ-ның Yevniy consulting group компаниясымен:

- техникалық мүмкіндік болған жағдайда, мониторинг үшін электрондық порталда (kz2050.gov.kz) барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты көрсету;

- техникалық қадағалау функционалын қосуға қатысты электрондық порталдың (kz2050.gov.kz) мүмкіндіктерін кеңейту мүмкіндігін қарастыруы.

3. SK Development компаниясының нарықтан қалған компанияларды тарта отырып, негізгі бақылаушы орган ретінде техникалық қадағалауды жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыру, сол

арқылы техникалық қадағалау бойынша қосарланған бақылауды қамтамасыз ету.

4. «SK Construction» АҚ мақсатты ақша шығыстарының ашықтығын қамтамасыз ету үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын қаржыландыру тетігі туралы ақпарат беру, сондай-ақ Қоғамдық кеңестің келесі отырысында ESG және/ немесе әлеуметтік облигациялар арқылы қаржыландыру мүмкіндігін қарастыруы ұсынылады.

5. Ағымдағы жылдың сәуір-мамыр айларында конкурстық рәсімдердің қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңестің отырысын өткізу

«Самұрық-Қазына» АҚ
Қоғамдық кеңесінің
төрағасы

_____ **Жәмішев Б.Б.**

Хатшы

_____ **Махмудоллаева Г.**

Күн тәртібі:

Қоғамдық бақылау: «QazaqGaz» ҰК» АҚ тыңдау

Хаттаманың күні мен номері:

«Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңестің 2023 жылғы 24 ақпандағы № 2 бетпе-бет отырысының хаттамасы

Өткізу орны:

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 17/10 үй, «Жасыл орам» БО.

Ұсыныстар:

1. «QazaqGaz» ҰК» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ-пен бірлесіп «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның ұзақ мерзімді стратегиясын келіссін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне қаруға жолдасын. Стратегия жобасында тұрғындардың тұрмыстық қажеттіліктер үшін газбен қамтамасыз етуге, тұтынуға қосымша көлемдерді пайдалануға, газ химиясын дамытуға, әртүрлі тұтынушылар үшін баға формуласына және т.б. байланысты мәселелер мен ұсыныстарды ескеру қажет;
2. «QazaqGaz» ҰК» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ-пен бірлесіп Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар, сондай-ақ жеке инвесторлардың тауарлық табиғи газға кең қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін газ-моторлы отын саласын монополиясыздандыру («ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС) бойынша сұрақтар дайындау.
3. «QazaqGaz» ҰК» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ және «Қазақстанның газ-мотор отынын өндірушілер мен тұтынушылар қауымдастығы» ЗТБ-мен бірлесіп геосаяси жағдайға байланысты Ресей Федерациясынан газ импортын қарастыру және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар жіберу ұсынылады.
4. «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі құрамындағы «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Ішкі аудит қызметіне 2022 жылғы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-да жеке тұлғалар мен өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін, атап айтқанда, Жамбыл облысы мен Шымкент қаласында техникалық шарттарды беру процесіне (оның ішінде ақпараттық жүйеге) аудиторлық тексеруді жүзеге асыру және «Самұрық-Қазына»

АҚ Директорлар кеңесіне шығару үшін жүргізілген аудиттің нәтижелерін дайындау тапсырмасын беру ұсынылады.

5. «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ға газ моторлы отынды инфрақұрылымды дамытудың газ объектілерінің құрылысына ШОБ-ты тарту мәселесін қарастыру.
6. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ға бөлшектеумен газ есептегіштерін өздігінен тексерту бойынша жұмыстарды күшейту, ақылы газдан нақты газды тұтынудың ауытқулары бар проблемаларды анықтау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін құру ұсынылады.
7. «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ға және оның еншілес ұйымдарына клиенттік базамен жұмысты, өңірлермен жұмысты нығайтуды, тұтынушылардың сұраныстары мен шағымдарына сапалы және уақтылы жауап беруді, сондай-ақ компанияның қызметін БАҚ-та жариялау жөніндегі жұмысты жақсартуды ұсыну.

«Самұрық-Қазына» АҚ

Қоғамдық кеңесінің

төрағасы _____ Б.Б. Жәмішев

Хатшы _____ Г.Р. Махмудуллаева

Күн тәртібі:

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобындағы еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік

Хаттаманың күні мен номері:

«Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңестің 2023 жылғы 10 наурыздағы № 3 бетпе-бет отырысының хаттамасы

Өткізу орны:

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 17/10 үй, «Жасыл орам» БО.

Ұсыныстар:

1. Өндірістік қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық және өзара іс-қимыл мәселесін қарау; орнықты дамуды қамтамсыз ету үшін Қордың және портфельдік компаниялардың 2023-2024 жылдарға арналған даму жоспарында өндірістік қауіпсіздік мәселесі ескеру; Қорда және барлық портфельдік компанияларда ESG қағидаты мен ISO 45001 «Денсаулық және еңбек қауіпсіздігін қорғау менеджментінің жүйесі» халықаралық стандарттың жүйесін енгізу, және баяндамаларда осы жүйеге сәйкестігі туралы ақпаратта көрсету ұсынылады.

2. Өндірістік қауіпсіздік саласындағы сараптаманы жүргізудің және іс-шараның тиімділігін арттырудың мақсатында *«Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институтына» Қор мен портфельдік компаниялардың еңбек жағдайларын жақсарту бойынша жол карталары мен іс-шаралар жоспарларын қарауға беру ұсынылады.*

3. «ESG қағидаттарын енгізу» стратегиялық мақсатын іске асыру аясында өндірістік қауіпсіздік пен жоғарғы ESG рейтингінің көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында 2032 жылға дейін нақты нысаналы индикаторларымен және қажетті инвестициялары бар H&S-тың алдыңғы қатардағы практикасын енгізу бойынша нақты жоспарды әзірлеу мәселесін қарау ұсынылады.

4. Мердігерлік ұйымдарда өндірістік қауіпсіздік бойынша басқарушылық есептілікті енгізу мәселесі қарау ұсынылады. Тапсырыс беруші қайғы жағдайлар мен жарақаттану жағдайларын тиісінше тіркеу үшін үлгілік шарттарда аталған шараны бекіту (Қор, портфельді компания). Мердігерлік ұйымдармен еңбек қауіпсіздігі бойынша үлгілік шарттарды үш жылға жасасу мүмкіндігін қарастыру.

5. болашақта өндірісте қайғылы жағдайларға жол бермеу мақсатында анықталған 600 сәйкессіздікке қатысты жүргізілген аудиттердің нәтижелері бойынша түзетуші шаралардың іс-шара

жоспарларын іске асырылуын бақылауға қатысты жұмыстарды нығайту ұсынылады.

6. 2023 жылдың қорытындысы бойынша есептерді құрастыру кезінде денсаулықты сақтау, оның ішінде жұмыскерлерді медициналық куәландыру, сондай-ақ қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етуге бағытталған өндірістік кеңестер сияқты (HSE комитетінің қызметі) аспаптың көмегімен ішкі бақылауды жүргізу бойынша қабылданған шаралар бойынша ақпаратты ескеру ұсынылады.

7. Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік жөніндегі баяндамаларда өрт қауіпсіздігі саласында портфельдік компаниялардың жұмыскерлеріне оқытуды жүргізудің жұмыс барысы туралы ақпаратты ескеру ұсынылады.

«Самұрық-Қазына» АҚ
Қоғамдық кеңесінің

төрағасы _____ Б.Б. Жәмішев

Хатшы _____ Г.Р. Махмудуллаева